

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС, КРИМИНАЛИСТИКА, СОТ - САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІ/  
УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС, КРИМИНАЛИСТИКА, СУДЕБНО-ЭКСПЕРТНАЯ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ, ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ/  
CRIMINAL PROCEDURE, CRIMINALISTICS, FORENSIC EXPERTISE, OPERATIONAL  
INVESTIGATIVE ACTIVITIES**

ӘОЖ 343.13  
МРНТИ 10.79.41

**Б.Н. Қалмұхаметова**

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы  
Құқық қорғау органдары академиясы  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

**АДАМДАРДЫ ҰСТАП БЕРУДІҢ (ЭКСТРАДИЦИЯЛАУ) НЕГІЗДЕРІ  
МЕН ТӘРТІБІН РЕГЛАМЕНТТЕЙТІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІК НОРМАЛАРДЫ  
ЖҮЙЕЛЕУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ**

**Аннотация.** Бұл мақалада автор жүргізілген зерттеу негізінде адамдарды ұстап беру (экстрадициялау) туралы нормаларды оның негіздері мен іс жүргізу тәртібі дербес регламенттелетін белгілі бір іс жүргізу нысанын бере отырып жүйелеуді жүргізу орынды деп санайды.

Қылмыстық жауаптылыққа тарту және үкімді орындау үшін адамды ұстап беру (экстрадициялау) негіздері мен тәртібіне жүргізілген талдау қазіргі уақытта бар қажеттіліктерді тұтастай қанағаттандырады. Алайда, оларды қылмыстық процестік құқығы тұрғысынан реттеу осы салада қалыптасқан құқықтық дәстүрлерге сәйкес келмейтінін атап өткен жөн. Қылмыстық процесс кез келген процестік әрекетінің негіздері мен процестік тәртібін нақты анықтаумен сипатталады. Басқаша айтқанда, барлық қылмыстық-процестік институттары белгілі бір іс жүргізу нысанына оралған.

**Түйінді сөздер:** іздестіру; қылмыстық қудалау; мәжбүрлеу; ұстау; уақытша ұстау; экстрадициялық қамақ; регламенттеу; ұстап беру.

**Б.Н. Калмухаметова**

*Академия правоохранительных органов  
при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан  
г. Нур-Султан, Республика Казахстан*

**К ВОПРОСУ О СИСТЕМАТИЗАЦИИ УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНЫХ НОРМ,  
РЕГЛАМЕНТИРУЮЩИХ ОСНОВЫ И ПОРЯДОК ВЫДАЧИ ЛИЦ (ЭКСТРАДИЦИИ)**

**Аннотация.** В данной статье автор на основании проведенного исследования полагает, что было бы целесообразно проведение систематизации норм о выдаче лиц (экстрадиции) с приданием ей определенной процессуальной формы, в которой основания и процессуальный порядок получают самостоятельную регламентацию. Проведенный анализ оснований и порядка выдачи лица (экстрадиции) для привлечения к уголовной ответственности и исполнения приговора в целом удовлетворяет существующие в настоящее время потребности. Однако следует отметить, что их регламентация с позиции уголовно-процессуального права не соответствует сложившимся правовым традициям в этой отрасли. Уголовному процессу свойственно четкое определение оснований и процессуального порядка любого процессуального действия. Иными словами, все уголовно-процессуальные институты облечены в определенную процессуальную форму.

**Ключевые слова:** розыск; уголовное преследование; принуждение; задержание; временное содержание; экстрадиционный арест; регламентация; выдача.



**B.N. Kalmukhametova**

*Academy of Law Enforcement Agencies of the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan, Nursultan c., Republic of Kazakhstan*

## **ON THE QUESTION OF SYSTEMATIZATION OF CRIMINAL PROCEDURAL STANDARDS REGULATING THE BASIS AND PROCEDURE FOR THE EXTRACTION OF PERSONS (EXTRADITION)**

**Abstract.** In this article, based on the research, the author believes that it would be appropriate to systematize the rules on extradition with giving it a certain procedural form, in which the grounds and procedure will be independently regulated.

The analysis of the grounds and procedure for the extradition of a person for criminal prosecution and execution of a sentence generally meets the current needs. However, it should be noted that their regulation of extradition from the point of view of criminal procedure law does not correspond to the established legal traditions in this field. The criminal procedure is characterized by a clear definition of the grounds and procedural order of any procedural action. In other words, all criminal procedure institutions are clothed in a certain procedural form.

**Keywords:** search; criminal prosecution; coercion; detention; temporary detention; extradition; regulation; extradition

Соңғы жылдары әлем қауымдастығы аса қауіпті трансұлттық қылмыстар, оның ішінде терроризм, адам саудасы және т.б. қылмыстардың өршуіне қарсы іс-әрекетке жұмыла кірісу қажеттігімен бетпе-бет келген [1]. Мұндай қалыптасқан жағдайларда әлем мемлекеттері үшін жалпы қылмысқа қарсы күрес, оның ішінде трансұлттық қылмыспен күресудегі ынтымақтастық өзекті мәселеге айналған.

Халықаралық ынтымақтастық процесінде неғұрлым жиі қолданылатын құқықтық институт – бұл адамдарды ұстап беру (экстрадициялау) институты.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚПК) адамдарды ұстап беру (экстрадициялау) мәселесіне «Адамдарды ұстап беру (экстрадициялау)» деп аталатын жеке 60-тарау арналған.

Бұл факт заң шығарушының қылмыстық істер бойынша құқық қорғау органдарының халықаралық өзара әрекеттестік мәселелерін регламенттеуге егжей-тегжейлі қарай отырып, баса назар аударғанын білдіреді.

Қылмыстық жауаптылыққа тарту және үкімді орындау үшін адамды ұстап беру негіздері мен тәртібіне жүргізілген талдау, жалпы алғанда, қазіргі уақыттағы қажеттіліктерді қанағаттандырады.

Алайда айта кетерлік, олардың қылмыстық-процестік құқық тұрғысынан реттелуі осы салада қалыптасқан құқықтық дәстүрлерге сәйкес келмейді. Қылмыстық процеске кез келген процестік іс-әрекеттің

негізі мен процестік тәртібінің нақты анықтамасы тән.

Басқаша айтқанда, барлық қылмыстық-процестік институттардың белгілі бір процестік нысаны бар. Бұл, өкінішке орай, адамды ұстап беруді (экстрадициялау) реттеу тәртібінде жоқ.

Осы тұрғыдан В. М. Тертышниктің айтқан сөздері дұрыс, оның айтуынша, процестік нысан қылмыстық-процестік қызмет пен қылмыстық-процестік қарым-қатынастардың ажырамас белгісі болып табылады: процеске қатысушылардың барлық іс-әрекеттері заңмен белгіленген тәртіппен, шарттармен және реттілікпен жүзеге асырылады.

Процестік нысан – бұл бүкіл процестің және оның жекелеген сатыларының қылмыстық-процестік құқықпен бекітілген құрылымы, сондай-ақ процестік іс-әрекеттерді жасаудың белгіленген шарттары, реттілігі және тәртібі [2, 401-б.].

Шетелдік ғалым Нил Бойстер атап өткендей, адамдарды ұстап беру (экстрадициялау) үш бағытта жүреді: экстрадициялауды қылмыстық процестен әкімшілік процеске қайта даярлау; экстрадициялау үшін елеулі жағдайларды қысқарту; ұстап беру үшін халықаралық платформаларды кеңейту [3].

Сұрау салушы мемлекетте ұстап берілуге жататын адамдардың айыпталушы немесе сотталған деген процестік мәртебесі бар екенін атап өткен жөн. Алайда, бұл процестік мәртебені Қазақстан Республикасында қолдануға болмайтыны

белгілі, өйткені біздің Республикамыздың қылмыстық қудалау органдары осы адамға қатысты процестік қызметті жүзеге асырмайды.

Отандық заңнамаға сәйкес қылмыстық-процестік мәжбүрлеудің қатаң шаралары заңда белгіленген тәртіппен күдікті не айыпталушы деп танылатын адамдарға қолданылатыны белгілі.

Ұстап берілетін адам Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған жоқ, сондықтан оны күдікті де, айыпталушы да деп тануға болмайды, демек, осы адамға қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануға негіз жоқ. Мұндай құқық аумағында олардың заңдары бұзылған мемлекетке тиесілі.

Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастардың белсенді қатысушысы бола отырып, қылмыстық сот өндірісі саласында әлемнің басқа мемлекеттерімен өзара құқықтық көмек көрсету жөніндегі ынтымақтастық шеңберінде ұстап беруді (экстрадициялауды) жүзеге асырады. Бұл ретте ұлттық экстрадициялық заңнаманың негізіне халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормалары, ҚР халықаралық шарттары, ТМД елдерінің құқықтық көмек туралы конвенциялары, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактілер, ҚР халықаралық шарттары жатқызылған.

Батыс Еуропа мемлекеттерінде түрме халқын трансұлттандыру туралы туындаған тенденцияларға қарамастан, экстрадициялау тақырыбы әлі де өзекті [4].

Африка ғалымдары бұл мемлекеттердің кейбіреулерінде бір-бірімен экстрадициялау туралы шарттар жоқ екенін атап өтті. Мысалы, Оңтүстік Африка мен Біріккен Араб Әмірліктері БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының қатысушылары болып табылады, ол оларды сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық қудалауды қамтамасыз етуде бір-бірімен ынтымақтасуға міндеттейді. Алайда ОАР мен БАӘ арасында экстрадициялау туралы шарт жоқ [5].

Сонымен бірге, кейбір батыс ғалымдары экстрадициялаудың экономикалық тиімділігін талдай отырып, экстрадициялау тым қымбат емес болған

кезде, елдер құқық қолдану қызметіне шамадан тыс инвестиция салады. Шетелдік қылмыскерлерді жауапқа тарту экстрадициялау төлемдерін төлеуге қарағанда қымбатырақ. Экстрадициялау жеткілікті қымбат болған кезде, қатаң мәжбүрлеу шаралары оның орнына қылмыскерлерді өздері бұзған елден кетуге мәжбүр етуі мүмкін. Экстрадициялау құнын төлеуден қорқу елдерге тиімді нәтижені келісуге мүмкіндік береді [6].

П.А.Смирнов әділ атап өткендей, «қамауға алу туралы «базалық» шешімді қабылдау сұрау салушы тараптың юрисдикциясына қағидатты түрде кіреді, ал осы талапты тікелей орындау сұрау салынатын мемлекетке жүктеледі және тиісінше оның ұлттық заңнамасымен регламенттеледі» [7, 31-36 б.].

Бұл жерде біз қылмыстық процестік заңнамасымен реттелетінін нақтылаймыз, бұл, біздің ойымызша, барлық экстрадициялық нұсқамалардың қылмыстық процестік нормаларының дәстүрлі құрылымына сәйкес келу қажеттілігін білдіреді.

ҚР ҚПК-ға сәйкес ұстап беруге жатқызылатын адамды ұстау (587-б.), уақытша күзетпен ұстау (588-б.) және экстрадициялық қамаққа алу (589-б.) сияқты қылмыстық процестік мәжбүрлеу шараларына тартылуы мүмкін.

ҚР ҚПК-ның 587-бабының 1-бөлігінде «Шет мемлекет қылмыс жасағаны үшін іздестіріп жатқан адамды Қазақстан Республикасының аумағында ұстап алуды қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы осы Кодекстің 131-бабында көзделген тәртіппен жүргізеді» делінген [8].

ҚПК-ның 131-бабы қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамды ұстаудың процестік тәртібін реттейді. Осы бапта ұстап беруге жататын адамды ұстаудың қандай да бір ерекшеліктері туралы айтылмаған.

Белгілі болғандай, адамды ұстау заңды негіздер болған кезде мүмкін болады. Ұстау негіздері ҚПК-ның 128-бабында бекітілген. Алайда, адамды қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстауға негіздер тізбесінде шет мемлекет іздестіріп жатқан адамдар туралы айтылмайды.

ҚПК-ның 587-бабының мазмұны жалпы түсінбеушілік тудырады. Осы баптың



мағынасы бойынша қылмыстық қудалау органдары алдымен тұлғаны қылмыстық-процестік ұстауға ұшыратады, кейіннен ғана жеке басын, азаматтығын анықтай бастайды және «іздіструдің бастамашысынан жасалған әрекеттің мән-жайлары туралы ақпаратты талап етеді».

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 12 мамырдағы №260, Мемлекеттік хатшы – Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 08-1/7, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2003 жылғы 7 мамырдағы №85, Бас Прокурордың 2003 жылғы 7 сәуірдегі № 29, Әділет министрінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі №2, Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 168 және Қаржы полициясы агенттігі төрағасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі № 74 бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы құзыретті органдарының Халықаралық іздіструді жариялау, Интерпол саласы бойынша сұрау салулар мен тапсырмаларды орындау және жіберуі, сондай-ақ оларды Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық Орталық бюросында өңдеу туралы нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 3 маусымда № 2341 тіркелген, оның 35-тармағы келесіні қарастырады.

Интерполға мүше шет мемлекеттердің құзырлы органдарының айыпталушыны, сотталушыны және із-түссіз кеткен тұлғаларды іздеу туралы Интерпол арнасы арқылы келіп түсетін сұрау салулары Қазақстан Республикасының аумағында іздеуді жүзеге асыруға негіз болып табылады.

Ізделетін айыпталушының, сотталушының Қазақстан Республикасының аумағындағы мекенжайлары және оның байланыстары туралы мәліметтер болған жағдайда Қазақстан Республикасындағы Интерполдың Ұлттық Орталық Бюросы Қазақстан Республикасының Криминалды полициясының аумақтық бөлімшелеріне, не болмаса жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының басқа да құзырлы органдарына іздеудегі тұлғаның мекенжайын белгілеу немесе одан әрі оны қамаққа алу және ұстап беру мақсатында тиісті жедел-

іздістіру шараларын жүргізу туралы сұрау салу жолдайды.

Сұрау салуда:

– сұрау салған органның атауы келтіріледі;

– сұрау жіберілетін органның атауы және мекенжайы;

– өзіне қатысты сұрау салынатын іздеудегі адамның деректері, оның азаматтығы, қызмет түрі, тұрғылықты немесе тұратын жері, заңды тұлғалар үшін-олардың атауы және орналасқан жері;

– оны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтер, жасалған қылмыстың нақты мән-жайлары және оның саралануы туралы мәліметтер, оны ұстауға негіз болып табылатын құжат [9].

Осылайша, қылмыстық қудалау органдары Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қылмыс жасаған адамды қылмыстық-процестік ұстауды жүргізуге іс жүзінде заңды негіздерге ие болады. Алайда, көрсетілген негіздер ҚР ҚПК-да емес, заңға тәуелді актіде жазылған.

Бұдан әрі, ҚР ҚПК-ның 586-бабы ұстап беруге (экстрадициялауға) жататын адам құқықтарының тізбесін қамтиды, олардың ішінде:

1) өзін ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу қандай қылмыс бойынша түскенін білуге;

2) қорғаушысының болуына және сөйлесудің құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайда онымен кездесуге, жауап алу кезінде қорғаушысының қатысуына;

3) ұстап алынған жағдайда – ұстап алынғаны және өзінің болатын жері туралы жақын туыстарына, отбасы мүшелеріне немесе өзге адамдарға хабарлауға;

4) өзін күзетпен ұстауға және өзін ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуға байланысты мәселелерді соттың қарауына қатысуға;

5) ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салумен танысуға немесе оның көшірмесін алуға;

6) күзетпен ұстау, экстрадициялық қамақты қолдану және ұстап беру жөніндегі сұрау салуды қанағаттандыру туралы шешімдерге шағым жасауға;

7) сот отырысында ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу жөнінде өз пікірін білдіруге құқығы бар [8].



ҚР ҚПК-ның 586-бабы 1-бөлігінің 2-тармағында ұстап берілуге жататын тұлға қорғаушысының болуына және сөйлесудің құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайда онымен кездесуге, жауап алу кезінде қорғаушысының қатысуына құқығы бар деп айтылған. Алайда, қылмыстық процестік заң ұстап берілуге жататын тұлғаға тергеу жүргізе алмайды.

Ұстап беру рәсімі шетелдік мемлекеттің өтінішін орындау бойынша «техникалық» процесс болып табылады, сондай-ақ, бұл процесс ұстап беруге жататын адамның тұлғасын анықтау, оны ұстау, уақытша күзетпен ұстау, экстрадициялық қамақта ұстау және шетелдік мемлекеттің құзыретті органдарына беруден тұрады.

Процестік іс-әрекеттің көрсетілген тізбесінде тергеу туралы мүлдем әңгіме қозғалмаған. Уақытша күзетпен ұстау немесе экстрадициялық қамаққа алу туралы мәселені шешетін сот отырысында заң шығарушы тек ұстап берілетін тұлғаны тергеуді ғана емес, оның сотқа түсіндірме беруінің өзін қарастырмаған.

Ұстап берілетін тұлғаға қатысты заң ережелерінен бірігетін құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау ол декларациялық болуды дегенді білдірмейді. 588 және 589-баптардың

мәтіндерінде тергеу судьясына уақытша күзетпен ұстауға жататын тұлғаның немесе экстрадициялық қамаққа ұшырағанның түсіндірме беруі қарастырылмаған.

Бұл ҚПК-ның 586-бабы 1-бөлігінің 7-тармағына да жатқызылады: «сот отырысында ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу жөнінде өз пікірін білдіруге құқығы бар». Осы құқық декларативті болып қала бермек, себебі қылмыстық-процестік заң осы құқықты іске асыру тетіктерін қарастырмайды.

Еуропалық адам құқықтарының соты норма егер ол азаматтың мінез-құлқын реттей алатындай етіп дәл тұжырымдалмаса, оны заң деп санауға болмайтынын атап өтті: ол қажет болған жағдайда қажетті кеңестерді ала отырып – берілген жағдайларда ақылға қонымды және негізделген дәлдік дәрежесін, белгілі бір әрекеттердің ықтимал салдарын болжай алуы керек [10, 252-253 б.].

Сондықтан, біздің ойымызша, адамдарды ұстап беру (экстрадициялау) институтын дәстүрлі қылмыстық-процестік құрылымымен сәйкестендіруді регламентациялау үшін айқындалған процестік нысанын бере отырып негіздерін және процестік тәртібін жекелеген нормаларға оқшаулап осы институтты жүйелеу қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нигматуллин, Р.В. БҰҰ трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес стратегиясы //Р.В.Нигматуллин// Байкал мемлекеттік экономика және құқық университетінің криминологиялық журналы. – 2016. – Т. 10, № 2. – Б. 358-368. – DOI: 10.17150/1996-7756.2016.10(2).358-368.
2. Тертышник, В.М. Қылмыстық процесс //В.М. Тертышник// – 2-басылым., ауд. және тол. – Харьков: Арсис, 1999. – 528 с.
3. Boister, N. Global Simplification of Extradition: Interviews with Selected Extradition Experts in New Zealand, Canada, the US and EU. *Crim Law Forum* 29, 327–375 (2018) [Electronic resource] – Access mode: <https://doi.org/10.1007/s10609-017-9342-7> (Access data: 12.11.2020)
4. Pakes, F. The Transnational Prisoner: Exploring Themes and Trends Involving a Prison Deal with the Netherlands and Norway //F. Pakes// *British Journal of Criminology*. – 2017. – Vol. 57, iss. 1. – P. 79–93.
5. Untalimile Crystal Nyathi Mokoena. Emma Charlene Lubaale. Extradition in the absence of state agreements: Provisions in international treaties on extradition/*South African Crime Quarterly*. No 67 (2019): march 2019. DOI [Electronic resource] – Access mode: <https://doi.org/10.17159/2413-3108/2019/v0n67a4927> (Access data: 12.11.2020).
6. Crinó, R, Immordino, G, Piccolo, S. Criminal mobility, fugitives, and extradition rules/*Journal of Public Economic Theory*. 17 September 2020; 1–36 [Electronic resource] – Access mode: <https://doi.org/10.1111/jpet.12474> (Access data: 12.11.2020).
7. Смирнов, П.А. Экстрадициялық құқықтық қатынастар шеңберінде тұлғалардың процестік-құқықтық жағдайының мәселелері //П.А.Смирнов// Ресей заңнамасындағы олқылықтар. 2017. № 1. Б. 31-36.
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі [Электронды ресурсі] – Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінү күні: 11.11.2020).



9. Қалмұхаметова, Б.Н. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша ұстап беруге экстрадициялауға жатқызылатын тұлғаны ұстауды регламентациялау мәселесіне қатысты. Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы №1 (7), 2018 г, стр. 57.

10. Брэдли, Э., Дженис, М., Кэй, Р. Адам құқықтары саласындағы еуропалық құқық //Э.Брэдли// Практика және түсіндірмелер: ағылшын тілінен ауд.; ғыл. ред. Н. Блинков; ауд. А. Иванченков; ред. Л. Архипова. М., 1997. 640 б.

#### List of References:

1. Nigmatullin, R.V. ВҰҰ трансұлттық ұйымдаққан қылмысқа қарсы күрес стратегиясы //R.V.Nigmatullin// Baikal мемлекеттік экономика және құқық университетінің криминологиялық журналы. – 2016. – Т. 10, № 2. – В. 358-368. – DOI: 10.17150/1996-7756.2016.10(2).358-368.

2. Tertywnik, V.M. Қылмыстық процесс //V.M. Tertywnik// – 2-basylym., ауд. және тол. – Харков: Arsis, 1999. – 528 с.

3. Boister, N. Global Simplification of Extradition: Interviews with Selected Extradition Experts in New Zealand, Canada, the US and EU. Crim Law Forum 29, 327–375 (2018) [Electronic resource] – Access mode: <https://doi.org/10.1007/s10609-017-9342-7> (Access data: 12.11.2020)

4. Pakes, F. The Transnational Prisoner: Exploring Themes and Trends Involving a Prison Deal with the Netherlands and Norway //F. Pakes// British Journal of Criminology. – 2017. – Vol. 57, iss. 1. – P. 79–93.

5. Untalimile Crystal Nyathi Mokoena. Emma Charlene Lubaale. Extradition in the absence of state agreements: Provisions in international treaties on extradition/South African Crime Quarterly. No 67 (2019): march 2019. DOI [Electronic resource] – Access mode: <https://doi.org/10.17159/2413-3108/2019/v0n67a4927> (Access data: 12.11.2020).

6. Criny, R, Immordino, G, Piccolo, S. Criminal mobility, fugitives, and extradition rules/Journal of Public Economic Theory. 17 September 2020; 1–36. [Electronic resource] – Access mode: <https://doi.org/10.1111/jpet.12474> (Access data: 12.11.2020).

7. Smirnov, P.A. Экстрадициялық құқықтық қатынастар шеңберінде тұлғалардың процесстік-құқықтық жағдайының мәселелері //P.A.Smirnov// Ресей заңнамасындағы оқылықтар. 2017. № 1. В. 31-36.

8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексі [Elektronды resursi] – Қол жеткізу rejimi: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (jyginy kyни: 11.11.2020).

9. Қалмұхаметова, Б.Н. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша ұстап беруге экстрадициялауға жатызылатын тұлғаны ұстауды регламентациялау мәселесіне қатысты. Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы №1 (7), 2018 г, стр. 57.

10. Bredli, E., Djenis, M., Kei, R. Адам құқықтары саласындағы еуропалық құқық //E.Bredli// Praktika және түсіндірмелер: ағылшын тілінен ауд.; ғыл. ред. Н. Блинков; ауд. А. Иванченков; ред. Л. Архипова. М., 1997. 640 б.